

## Салықтық есептілікті ұсынуын тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау)

Қызметті беруші	Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумақтарындағы аумақтық органдары көрсетеді.
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ 2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы.
Қызметті көрсету мерзімдері	1 (бір) жұмыс күні;
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушы не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі жүгінген кезде: өзінің тұрған жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға: патент негізіндегі шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушылар:</p> <p>1) <a href="#">3-қосымшаға</a> сәйкес салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініш – қызметті тоқтата тұру немесе қайта бастау немесе салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда;</p> <p>2) салықтық кезеңнің басынан бастап салықтық өтініште көрсетілген қызметті тоқтата тұру күніне дейін салықтық есептілікті ұсынады – қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылданған жағдайда;</p> <p>3) <a href="#">4-қосымшаға</a> сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығару туралы салықтық өтініш – қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын салық төлеуші қызметті тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған жағдайда; патент негізіндегі шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын көрсетілетін қызметті алушылар (жеке кәсіпкерлер):</p> <p>1) салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы салықтық өтініш – қызметті тоқтата тұру немесе патент құнының есеп-қисабын (бұдан әрі – Есеп-қисаб) ұсынуды тоқтата тұру мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда;</p> <p>2) қызметін қайта бастаған күннен бастап алдағы кезеңге есеп-қисап – қызметін тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға</p>

дейін қызметін қайта бастау туралы шешім қабылдаған жағдайда.

**Қызмет көрсету нәтижесі** салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұру (ұзарту, қайта бастау) туралы немесе салықтық есептілікті ұсынуды тоқтата тұрудан (ұзарту, қайта бастау) бас тарту туралы мәліметтерді салықтық есептілікті тоқтата тұру немесе тоқтата тұрудан бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсына жариялау болып табылады.  
Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электронды немесе қағаз түрінде.

**Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты** <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020955#z282>